

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Бурабайское межрайонное управление юстиции Департамента юстиции
Акмолинской области

Справка

о государственной регистрации юридического лица

БИН 021140004011

город Щучинск

21.01.2021г.

Наименование:

Коммунальное государственное учреждение
"Начальная школа села Жанаталап отдела
образования по Буландынскому району управления
образования Акмолинской области"

Местонахождение:

020502, Казахстан, Акмолинская область,
Буландынский район, село Жанаталап,
улица Акбулак, 12.

Руководитель:

Руководитель, назначенный (избранный)
уполномоченным органом юридического лица
ОСПАНОВА СЫМБАТ ЖАНАБЕКОВНА

**Учредители
(участники):**

Государственное учреждение "Аппарат акима
Акмолинской области"

**Дата первичной
государственной
регистрации**

28.11.2002г.

**Справка является документом, подтверждающим государственную
перерегистрацию юридического лица, в соответствии с
законодательством Республики Казахстан**

И.о.руководителя управления

Курмашева Г.К.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Ақмола облысының әділет департаменті Бурабай ауданаралық әділет басқармасы

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

БСН 021140004011

Щучинск қаласы

2021ж. 21.01.

Атауы:

"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орналасқан жері:

020502, Қазақстан, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Жаңаталап ауылы, Ақбұлақ көшесі, 12.

Басшы:

Занды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы **ОСПАНОВА СЫМБАТ ЖАНАБЕКОВНА**

Құрылтайшылар (қатысушылар):

"Ақмола облысы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:

2002ж.28.11.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады

Басқарма басшысының м.а.



Г.К. Құрмашева



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру, тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 020502, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Жаңаталап ауылы, Ақбұлақ көшесі, 12.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және

мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері мен мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиярлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркеуден өткеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыру үшін білім алушыларды жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесінде оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік мекеме қызметінің мәні болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты жалпы бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

14. Мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау ;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпы білім беру стандартында көзделген базалық ғылым негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституция және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен танысу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың

тарихын, салт-дәстүрін зерттеу;

7) арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға қол жетімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

8) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

15. Мемлекеттік мекемеде оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, бастауыш жалпы білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ мемлекеттік жарғысына сәйкес білім беру ұйымдарына оқуға жіберілудің типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады

16. Білім алушылар қағарына қабылдау қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

17. Білім алушылардың даярлық деңгейі мен даму дәрежесі бойынша сыныптарды жасақтауға жол берілмейді.

18. Білім алушылардың мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде білім беру ұйымдарының басшылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен бекітілген Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгі шартына сәйкес балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

19. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау баланың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері келіскен жағдайда педагогикалық-медициналық-психологиялық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүзеге асырылады.

20. Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау кезінде конкурстар өткізілмейлі. Мектепке дейінгі мекемелерге бармаған немесе мектепалды даярлықтан өтпеген балалар үшін оқу жылы басталғанға дейін дайындық курстары ұйымдастырылады.

21. Білім алушыларды екінші, үшінші, төртінші сыныптарға қабылдау мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

22. Мемлекеттік мекемеде оқыту және тәрбиелеу орыс тілде жүргізіледі.

23. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие қызметі мектеп қызметінің ерекше бағыттылығының вариативті компоненттерін ескере отырып, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Оқу жылының ұзақтығы, каникул, оқу жүктемесі, оқушылардың сабақ тәртібі мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

25. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері:

Білім алушылар құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

- 2) білім беру ұйымы кенесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары ,қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқыту;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандау;
- 4) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды,оның ішінде мүгедектер,мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолайлы нысанда тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу- әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге міндетті.
- 5) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалану;

6) өз пікірі мен нанымдарын еркін білдіру;

7) өзінің адами қадір-қасиетін құрметтеу;

8) оқудағы,ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға құқығы бар.

26. Білім алушылар міндетті:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді,іскерлікті,практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге,ішкі тәртіп ережелерді сақтауға;
- 2) өз денсаулығына қамқорлық жасау,рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;
- 3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті;
- 4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін,олар оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге.

27. Көмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың тілегі ,жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып,білім беру ұйымын тандауға;
- 2) ата-аналар комитеті,қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне,мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультативтік көмек алуға;
- 5) балаларына өмірі мен білім алуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың көзқарасы мен физикалық күшін дамытуды, рухани қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 6) мектеп пен ата-аналар арасындағы шартта көрсетілген талаптардың ережелерін орындау.

28.Педагогикалық қызметкердің құқықтары.

1. Педагог өзінің кәсіби қызметінде:

- 1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;

3) өзінің кәсіби ар-намысы мен кадр-қасиетін қорғауға;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) оқу құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;

15) ұйымдардағы кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

19) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен кадр-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;

29. Педагогтің міндеттері мен жауапкершілігі

1. Педагог:

- 1) өз қызметі саласында тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидағтарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттыруға (растауға);
- 4) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;

5) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша дағдыларын, құзыреттерін арттыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен профилактикалық медициналық тексеруден өтуге;

7) қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге;

8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) балаларды заңға, адамның (азаматтың) құқықтары мен міндеттеріне, жоғары адамгершілікке, отансүйгіштікке, ата-анаға, үлкендерге құрмет көрсетуге, отбасы құндылықтарына, елдің мәдени-тарихи құндылықтарына, оның мемлекеттік құрылымы мен рәміздеріне, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

10) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

11) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесі органдарын дереу хабардар етуге;

12) көмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілері туралы, сондай-ақ ұйымдардан тыс кәсіби қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы құжық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

13) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға, заңды өкілдерге консультация беруге, оларға оқыту мен тәрбиелеуге ортақ жауапкершілік қағидағтарын түсіндіруге міндетгі.

2. Педагогтің білім беру процесін саяси үгіттеу, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты ушықтыру үшін білім алушыларды саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүр ету, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі бойынша азаматтардың ерекшелігін, үстемдігін не толық еместігін, олардың дінге көзқарасын насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға халықтардың тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы жалған мәліметтерді хабарлау

арқилы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқығы жоқ.

3. Педагог міндеттерін бұзғаны және педагог алағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылады.

4. Педагогке қатысты қызметтік талқылаулар, тәртіптік тергел-тексерулер және олардың негізінде қабылданған шешімдер тек оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

30. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

31. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шектеулі қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

32. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

33. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

34. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;
 - 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;
 - 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
 - 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлкіті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.
35. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекемені мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу

тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

4) мемлекеттік мекеме басшының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаг санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік меншік саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметін әтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды орындайды.

36. Мемлекеттік мекеме басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

37. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және қадағалайды, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын орындау үшін дербес жауап береді.

38. Мемлекеттік мекеменің басшысы бір адамды басқару қағидаттарына сүйенеді және мемлекеттік мекеме қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда белгіленген құзыретіне сәйкес дербес шешім қабылдайды.

39. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жарғылық қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.

40. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асырған кезде, мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) келісім жасасуға;

4) сенімхаттар береді;

5) іс-сапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлерді дамытудың өзге де түрлері үшін мемлекеттік мекеменің тәртібі мен жоспарын бекітеді;

6) банктік шоттар ашуға;

7) бұйрықтар шығарады және барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерді қоспағанда, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және

қызметінен босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының және мемлекеттік мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдайды және ол үшін жеке жауап береді;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

41. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің меншігі:

1) оған меншік иесі берген мүлктен;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

42. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

44. Егер қаржыландырудың қосымша көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбесе, мемлекеттік мекеме қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

45. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және қайта қарау Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті саланың уәкілетті органымен жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

46. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының

нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәргібі

47. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.
48. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

49. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдері жок.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

50. Мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату, Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
51. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген өзге де себептер бойынша да таратылады.
52. Таратылатын мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Құрылтайшы тарапымен қайта бөлінеді.
53. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Басшы Оспанова Сымбат Манатбековна *Оспан*

Т.А.Ө.

КОЛЫ